

Елтай ауылдық округіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 21 тамыздағы N 8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 04 қыркүйекте N 2641 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы N 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 10.12.2013 N 1 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Үржар ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 2012.11.20 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Үржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылдың 18 маусымдағы № 589 ұсынысы негізінде Елтай ауылдық округі әкімі

Ш Е Ш Т І :

1. Елтай ауылдық округінде ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Үржар ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 2012.11.20 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы М.Ақбаевқа осы шектеу іс-шаралары талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Елтай ауылдық округінің бас маманы А. Нупбаев сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа

енгізіледі.

Елтай ауылдық округінің әкімі

Т. Тойчубеков

Келісілді:

*Қазақстан Республикасы ауыл
шаруашылық Министрлігі
ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Үржар
аудандық аумақтық инспекциясының
мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық*

инспекторы

М. Ақбаев

21 тамыз 2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК